



### ГРАНТ БӨЛІНСІ ЖҮЙЕЛІ БОЛСА...

5-БЕТ | БІЛІМ



### АЭС САЛУ – КЕЛЕШЕК ЖОБАСЫ

6-БЕТ | ҚОҒАМ



### ЖАҢА МАУСЫМ ЖАҢАЛЫҒЫ НЕ?

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Біз ұлттық спорт түрлерін дамытуға ерекше мән беріп отырмыз. Қазақстанда V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. Бұл – еліміз үшін өте маңызды іс-шара. Оған әлемнің 100-ден астам елінен спортшылар қатысады. Бұл сайыс арқылы біз, ең алдымен, төл өркениетіміздің тамыры терең тарихын жер-жаһанға паш етеміз. Сондай-ақ дүбірлі дода түрлі елдердің достығын нығайтатын маңызды қадам болмақ.

№107  
(4695)  
Сенбі  
7 қыркүйек  
2024 жыл



# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## САЙЛАУ УЧАСКЕҢІЗДІ БІЛЕСІЗ БЕ?

6 қазанда Қазақстанда атом электр станциясын салу бойынша республикалық референдум өтеді. Астаналықтар өздерінің сайлау учаскесі туралы ақпаратты бірнеше ақпарат көзі арқылы ала алады.

Астана қаласының әкімдігі сайлау учаскесі туралы мәліметтерді нақты уақыт режимінде алуға мүмкіндік береді. Оны мына жолдармен жасауға болады:

- ресми веб-қызметте: referendum.astana.kz
- Telegram-дағы чат-бот арқылы: referendum\_astana\_bot
- iKomek бірінғай байланыс орталығы арқылы: «109» нөмірі бойынша

## ЖЫЛУ ҚАШАН ҚОСЫЛАДЫ?

Астанада күн күрт салқындап кетті. «Қазгидромет» мамандарының мәліметінше, түнде термометр 5-7 градусқа дейін төмендеп жатыр.

Ауа райының салқындауына байланысты елорда тұрғындарының жылудың қашан қосылатыны туралы сауалына қала әкімдігінен мәлімет берілді.

«Елордада жылыту маусымы 5 күн бойы тұрақты орташа күндік сыртқы ауа температурасы +10 градус және одан төмен болған кезде басталады. Бұл ереже «Астана қаласында жылу беру маусымына дайындық және оны өткізу қағидаларына» сәйкес Астана қаласы мәслихатының шешімімен бекітілген.



## АҚМАРАЛ – ПАРАЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫ!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев астаналық пара дзюдошы Ақмарал Науатбекті Париждегі Паралимпиада ойындарының чемпионы атануымен құттықтап, жаңа жеңістер тіледі.

48 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде сынға түскен Ақмарал Науатбек финалда Франция спортшысы Сандрина Мартинені иппонмен жеңді. Астаналық спортшының алтын медалі – Қазақстан құрамасының қоржынына түскен бесінші жүлде. Бүгінгі таңда еліміздің спортшылары 2 алтын, 2 күміс және 1 қола медаль иеленіп отыр. Бұл – қазақстандық паралимпиадашылардың рекордтық көрсеткіші.

Паралимпиада чемпионын Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек те құттықтап, елордалық спортшының бұл жеңісі бүкіл елдің үлкен жеңісі деп атап өтті.

## КӨШПЕНДІЛЕР ДҮБІРІ

«Саранасына шық қонған, сарымсағынан сүт тамған, сабасына құт толған» Сарыарқаның төсінде көшпенділер бас қосып, ойында өнер көрсетпекші бәстесіп.

Ертең, 8 қыркүйек күні, сағат 19:00-де «Астана Арена» стадионында V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының ресми түрде ашылу салтанаты өтеді. Оған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев және ойынға қатысушы мемлекеттердің делегация өкілдері қатысады.

2014 жылы Қырғызстанның Чолпон-Ата қаласында 19 елдің қатысуымен басталып, екі жыл сайын өтіп тұратын Қасым-Жомарт Тоқаевты ағайынның елінде қатарынан


үш рет өтті. Төртінші рет 82 елдің қатысуымен 2022 жылы Түркияның Изник қаласында өтті. Енді, міне, күллі түркінің қара шаңырағы болған еліміздің бас қаласында өтетін спорт жарысына барлығы 89 елден 2430 адам қатысады.

## «ЖАЙЛЫ МЕКТЕПТЕР» САЛЫНАДЫ

Елордада жыл соңына дейін тағы 8 мектеп ашылады, олардың 6-ауы «Жайлы мектеп» жобасы аясында пайдалануға беріледі.

«Биыл біз мектептердің рекордтық санын тапсырамыз. Мысалы, оқу жылының басында 15 мектеп есігін айқара ашты. Олардың 9-ы – Мемлекет басшысының «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында. Аталған оқу орындары екі ауысымда 28 мың оқушы орнын құруға мүмкіндік берді. Жаңа мектептердің арқасында оқыту 3 ауысымда жүргізілген 5 мектепте және оқыту режимі тығыздалған 4 мектепте мәселе шешілді. Мектеп құрылысына да жеке инвестиция тартылады.

Мысалы, «Сәби» қайырымдылық қоры қалаға жаңа мектеп сыйлады (Барыс Аренаының артында). Ғимарат №9 «Зерде» мамандандырылған лицейіне берілді. Жыл соңына дейін тағы 8 мектеп ашуды жоспарлап отырмыз. Олардың 6-ауы «Жайлы мектеп» жобасы бойынша салынады. Мектептер қаланың барлық ауданында орналасқан. Сондай-ақ алдағы жылдарға дайындалып жатырмыз» деп жазды Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек өзінің Instagram парақшасында.



ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 532.7 \$ USD/KZT 482.74 ₸ RUB/KZT 5.44 ¥ CNY/KZT 67.79

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz





## ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗЫ АРТТЫ

Қазақстан Президентінің төрағалығымен «Астана» халықаралық қаржы орталығын (АХҚО) басқару жөніндегі кеңес отырысы өтті. Жиын басталғанға дейін Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржы орталығының экожүйесін дамытуға зор үлес қосқан қатысушылар қызметімен танысты. Freedom Finance Global, China Construction Bank Corporation Астана филиалы, Fix Price Group, Grata International және Binance Kazakhstan Technologies компанияларының басшылары өз қызметтерінің нәтижелерін баяндап, инвестициялық жобалар, даму жоспарлары туралы мәлімет берді.

Отырысты ашқан Мемлекет басшысы жаһандық капитал нарығындағы қарқынды өзгерістер, жаңа халықаралық сауда-экономикалық байланыстардың қалыптасуы, сондай-ақ елдер арасындағы интеграциялық процестердің нығаюы, қаржы ағынын қайта бөлу жайында айтты.

Президенттің пікірінше, қазіргі сын-қатерлер мен өзгерістер Қазақстан үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Осы орайда Мемлекет басшысы елдің орнықты әрі қарқынды дамуын қамтамасыз етудегі «Астана» халықаралық қаржы орталығының маңызды рөліне тоқталды.

«Салыстырмалы түрде алсақ, қысқа мерзім ішінде АХҚО айтарлықтай нәтижеге қол жеткізді. Инвестиция тарту үшін өте ыңғайлы жағдай жасалды. Оның аймақта баламасы жоқ. Инвесторларымызға қолайлы салық, виза және еңбек режимі ұсынылды. Әр инвесторды жеке және кешенді қолдау қағидалары енгізілді. Әділ әрі бейтарап сот жүйесі құрылды. Жаңа цифрлық шешімдердің арқасында IPO-ға қатысу Қазақстанның барлық тұрғынына қолжетімді болды» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан соң, Мемлекет басшысы АХҚО алдында аймақтағы табысты қаржылық хаб ретіндегі мәртебесін нығайту міндеті тұрғанына назар аударды. Сондай-ақ бірқатар өзекті мәселеге тоқталды. Атап айтқанда, Президент ел экономикасына одан әрі инвестиция тартудың маңызын және инвестициялық экожүйені жақсарту қажет екенін атап өтті.

«Орталық қазірдің өзінде АҚШ, Еуропа, Ұлыбритания, Азия және Таяу Шығыс елдеріндегі бірқатар серіктестермен тығыз ынтымақтастық орнатты. Біріккен Араб Әмірліктері мен Сауд Арабиясының ірі компа-

нияларымен инвестициялық жобаларды ілгерілету бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Мұның бәрі АХҚО-ның инвестициялық әлеуетін және Қазақстан экономикасын айтарлықтай нығайтуға мүмкіндік береді. Дегенмен орталық Үкіметпен және ұлттық институттармен өзара ықпалдас-тығын жандандырып, реттеуші базаны жетілдіруді жалғастыруы қажет» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы өтімділік қор нарығын дамытудың негізгі көрсеткішінің бірі екенін атап өтті. Оны, ең алдымен, институционалдық инвесторлар қамтамасыз етеді. Қазір азаматтардың зейнетақы жинағының 50 пайызына дейінгі бөлігін жеке инвестициялық басқарушыларға беру бойынша жұмыс басталды. Осы орайда зейнетақы активтері мен АХҚО-дағы қаржы институттарына шетелдік инвестициялық басқарушы компаниялардың қол жеткізуіне мүмкіндік беру жайында ойластыру қажет.

Бұл ретте Мемлекет басшысы Ұлттық банкке Үкіметпен, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен, АХҚО-мен бірге компанияларды орталықта локализациялау бойынша талаптарды күшейту мүмкіндіктерін қарастыруды ұсынды.

Президент шетел нарығында бір мезгілде орналастырылған жағдайда жергілікті қор нарығындағы бағалы қағаздардың үлесі мен көлемінің шегін біртіндеп ұлғайтуды басым міндеттің бірі ретінде атады. Сонымен қатар жеке қазақстандық компанияларды ашық алаңға шығаруды ынталандырудың маңызына назар аударды. Бұл олардың қызметінің жариялылығы мен тиімділігін растайды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, келесі басымдық – бекітілген «ойын ережесін» қатаң сақтау.

«Конституциялық заң кепілдік берген АХҚО-дағы салық режимі орталықты дамыту стратегиясының маңызды бөлігі саналады. Ол жаһан инвесторлары үшін Қазақстанның тартымдылығын арттыруда негізгі рөл атқарады. Бұл біздің тұрақты ұстанымымыз, одан бас тартпаймыз» деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, Қазақстанда көміртек нарығын дамыту – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Қазір Еуропа Одағы елдері көміртек механизмдерін шекарада реттеуді енгізуге дайындалып жатыр. Бұл отандық өнімдерді Еуропаға экспорттауға едәуір кедергі келтіруі мүмкін.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы төтенше жағдайға қарсы тұрудың тиімді қаржылық тетігін құру қажет екеніне тоқталды. Түрлі мемлекеттік сақтандыру қорлары табиғи апаттардың салдарымен күресуге қолдау көрсетуі керек. Үкімет Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен, «Астана» халықаралық қаржы орталығымен бірлесіп, орталық юрисдикциясында осы мақсаттағы қор құру мәселесін жан-жақты зерттеуі керек.

Қасым-Жомарт Тоқаев отырысты қорытындылай келе АХҚО-ның былтыр атқарған қызметінің жылдық есебін бекітті. Іс-шарада АХҚО басқарушысы Ренат Бектұров, Solidcore Resources plc компаниясының бас атқарушы директоры Ви-талий Несис, Amicorp Fund Services компаниясының бас операциялық директоры Робин Хөкян, АХҚО Сотының төрағасы лорд Ян Бернетт, АХҚО қаржы қызметтерін реттеу комитеті директорлар кеңесінің төрағасы Анжела Найт, АХҚО Биржалар директорлар кеңесінің төрағасы Тимоти Беннетт сөз сөйледі.

## ӨЗАРА СЕРІКТЕСТІК ДАМИДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық еңбек ұйымының Бас директоры Жильбер Унгбомен кездесті. Президент Жильбер Унгбоға ілтипат білдіріп, оның бұл сапары Қазақстан мен Халықаралық еңбек ұйымының арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін беру тұрғысынан аса маңызды екенін айтты.

Президент Халықаралық еңбек ұйымының әлеуметтік әділдік қағидаларын жаһандық ауқымда дамытудағы рөліне тоқталды.

«Біз Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Бұл тұжы-

береді» деді Президент.

Мемлекет басшысы азаматтардың әл-ауқатын арттыру, заң үстемдігі мен адам құқығын қорғау бағытында Қазақстанда атқарылып жатқан жұмыстар жайында мәлімет берді.

аймақта көшбасшы екенін атап өтті.

«Сіздің еліңіз әлеуметтік, еңбек жағдайын жақсартуға айтарлықтай күш салып отыр. Бұл біздің ұйымның Әлеуметтік әділдік үшін жаһандық



рымда сіздердің әлеуметтік әділдік бастамаларыңызбен үндес. Халықаралық еңбек ұйымының сенімді әрі әділ, тиімді әлеуметтік келісімді қамтамасыз ету, сондай-ақ еңбеккерлердің құқығын ілгерілету ісіндегі миссиясы ешқандай талас тудырмайды. Қазақстан ұйымның 25 негізгі конвенциясын ратификациялады. Бұл жұмыс жалғаса

Өз кезегінде Жильбер Унгбо Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен Әділетті Қазақстанды құру жолында жүргізіліп жатқан ауқымды реформаларды жоғары бағалады. Бұдан бөлек, Президентке Үкімет мүшелерімен нәтижелі кездесулер өткенін және Халықаралық еңбек ұйымының мақсат-міндеттерін ілгерілету мәселесінде Қазақстанның

коалициясы аясындағы бастамаларына сай келеді» деді Халықаралық еңбек ұйымының Бас директоры.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Жильбер Унгбо Қазақстанның әлеуметтік саясатын нығайтуға бағытталған шараларды ынтымақтаса отырып жүзеге асыруға және Халықаралық еңбек ұйымымен өзара тиімді серіктестікті дамытуға келісті.

## ОЙ-ПІКІРЛЕРІН ОРТАҒА САЛДЫ

Астанадағы Достық үйінде Қазақстан халқы ассамблеясы өкілдерінің Қ.Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын талқылау бойынша отырыс өтті.



Кездесуге Қазақстан халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары – ҚР Президенті Әкімшілігі ҚХА хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілханов, ҚР Парламенті депутаттары, МАМ Этносаралық қатынастарды дамыту комитетінің төрағасы Ғалым Шойкин, Қазақстан халқы ассамблеясының мүшелері, этномәдени бірлестіктерінің, ҚХА қоғамдық құрылымдары мен «Ассамблея жастары» РҚБ өкілдері қатысты.

Іс-шара барысында Ғалым Шойкин биылғы Жолдауда ай-

тылған тапсырмаларды жүзеге асыру жөніндегі жоспарлармен бөлісе келе, қоғамдағы ашықтық пен толеранттылықты нығайту, этникалық, тілдік, әлеуметтік және басқа да белгілері бойынша азаматтарға қысым көрсетпеу, түрлі арандатушылық әрекеттерді болдырмау, азаматтардың құқықтық теңдігін қамтамасыз ету, жастарды патриотизмге тәрбиелеу, тарихымыз бен мәдениетімізге құрметпен қарау мәселелеріне тоқталды. Сондай-ақ спикер аталған

жұмысты жүзеге асыру азаматтық қоғамның, соның ішінде этномәдени бірлестіктердің бірлескен іс-әрекетінің нәтижесінде ғана жемісті болатынын атап өтті.

Жиын қатысушылары жалпыұлттық бірлікті нығайту, азаматтардың құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру, саяси және қоғамдық өмірді жаңарту мәселелерін талқылап, өз ой-пікірлерімен, ұсыныстарымен бөлісті.

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕЛЕШЕГІ ЖАРҚЫН

Мемлекет басшысы ОПЕК халықаралық даму қорының президенті Абдулхамид әл-Халифаны қабылдады. Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Абдулхамид әл-Халифа өзара ықпалдас-тық және Қазақстандағы инвестициялық жобаларды қаржыландыру бойынша ынтымақтастық перспективасын қарастырды.

Мемлекет басшысы еліміз ОПЕК қорымен серіктестікке стратегиялық тұрғыдан мән беретінін, соның ішінде MENA

(Таяу Шығыс және Солтүстік Африка) аймағымен байланысты нығайтуды көздейтінін атап өтті.

Өз кезегінде Абдулхамид әл-Ха-

лифа газ химиясы, көлік, су ресурстарын басқару және денсаулық сақтау сияқты негізгі салаларды қаржыландыру жоспарымен бөлісті.





## ШТАБ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына биылғы Жолдауында өзінің Жарлығымен 6 қазанды атом электр станциясын салу бойынша республикалық референдум өткізу күні деп жариялады. Жуырда саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар АЭС салу үшін халықтық штабқа бірікті. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Мәжіліс спикері, Аманат партиясының төрағасы Ерлан Қошанов штабтың бірінші отырысын өткізді, оған 6 саяси партиядан 250-ге жуық өкіл және 20-ға жуық республикалық қоғамдық бірлестік кірді. Өз сөзінде Ерлан Қошанов: «Атом электр стан-

циясының құрылысы – бұл серпінді жоба, Қазақстанның алдағы жылдарға табысты дамуының кепілі. Еліміздегі және әлемдегі барлық озық ойлар атом энергиясын пайдаланудың пайдасын түсінеді. Бұл, ең алдымен, қауіпсіз, сенімді, экологиялық таза энергия. Біз

үлкен таңдау алдында тұрмыз. Сондықтан халық штабының міндеті – халық арасында кеңінен түсіндіру жұмысын жүргізу және қоғамды атом электр станцияларын қолдауға жұмылдыру» деді» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

## ИНДУСТРИАЛДЫ ПАРКТЕРДІҢ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Елордадағы №1 индустриалды парктің инженерлік инфрақұрылымының құрылысы 94 пайызға аяқталды. Ал №2 индустриалды паркті мемлекеттік-жекеменшік әріптестік механизмі арқылы салу мәселесі пысықталып, тиісті экономикалық қорытынды шығарылды. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында баяндалды.

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

Қалалық Энергетика басқармасы басшысының орынбасары Мақсат Есмағұловтың мәлімдеуінше, №1 индустриалды паркке инженерлік желілерді тарту жұмысы 2006 жылы басталып, 3 кезеңге бөлінген. Осы кезеңде сорғы стансасының, 110/10 қосалқы стансасының, ұзындығы 3,5 шақырымды құрайтын жылу магистралінің, 7 тарту желісінің, 7,5 шақырым кабель каналының, 19,1 шақырым жолдың, 23,4 шақырым су құбырының, 22,4 шақырым тұрмыстық кәріздің, 33,5 шақырым нәсер кәрізінің, 4 шақырым жылу желілерінің құрылысы толығымен бітті.

Оның айтуынша, дайын болған инженерлік инфрақұрылым «Астана су арнасы», «Elorda Eco Systems», «Астана-Теплотранзит» секілді коммуналдық кәсіпорындар балансына тапсырылды. Қазіргі кезде жобаға түзету енгізіліп жатыр. Келесі жылы оны 100 пайыз

аяқтау жоспарланған. Соның ішінде П1, П5, П12 көшелері бойында жолдар мен инженерлік желілерді салып, 5,5 шақырым су құбырын, 7,5 шақырым тұрмыстық кәріз бен нәсер кәрізін тарту керек. Бұған қоса, №1 индустриалды парк аумағында қос КПП тұрғызу қажет.

«Astana Invest» қалалық инвестицияларды дамыту орталығы басқарма төрағасының орынбасары Сәбит Мұхамеджанұлы №1 және №2 индустриалды парктердің инженерлік инфрақұрылымына қаржы жұмсаудың тиімділігі туралы баяндады. Оның мәлімдеуінше, бөлінген қаржыға былтыр №1 индустриалды парктің инженерлік инфрақұрылымына техникалық тексеру жүргізілді. Ал биыл нысан аумағында 700 көшет отырғызылып, 28 бейнекамера орнатылды. Осы қыркүйек пен алдағы қазан айында парк территориясында тағы 700 көшет отырғызу жоспарланған. Бұған қоса, 2025-2027 жылдары 10 мың ағаш егуге қаржы бөлу мәселесі қолдау тапты. Осы жылы қосымша 10 бейнекамера ор-

натуға бюджеттік сұраныс жіберілді.

– Қазіргі таңда №1 индустриалды парк аумағын жарықтандыру жұмысын Алматы ауданының әкімдігі жүргізіп жатыр. Жоспар бойынша осы жылдың аяғына дейін тиісті аумақ толығымен жарықпен қамтамасыз етіледі, – деді Сәбит Мұхамеджанұлы.

Отырысты жүргізген Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Кендебай Адамбек Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында басты міндет ретінде азаматтардың табысын арттыруға тапсырма бергенін атап өтті.

– Президенттің тапсырмасын іске асыратын бірден-бір сала – өнеркәсіп. Ал Астана бюджетіне түсетін қаржының 60 пайызын шағын және орта бизнес қамтамасыз етіп отыр, – деген Кендебай Адамбек №1 және №2 индустриалды парктердің қалаға кіріс кіргізудегі маңызына тоқталды.

## 8 ҚЫРКҮЙЕК – ОТБАСЫ КҮНІ

# ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ДӘРІПТЕЛДІ

Қазақстанда 2013 жылдан бастап қыркүйектің екінші жексенбінде Отбасы күні аталып өтеді. Биыл бұл күн 8 қыркүйекке түсіп тұр. Қоғамның маңызды институты – отбасы құндылығын дәріптейтін іс-шаралар еліміз бен елордада көптеп өткізілді. Солардың бірі «Отбасы құндылығын дәріптеу» тақырыбындағы жиын Астанадағы Полиция департаментінде ұйымдастырылды.



**Райхан РАХМЕТОВА**

Жиын модераторы Астана қалалық ПД жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы, полиция полковнигі Ержан Әділбеков қоғамда отбасы ерқашан рухани және мәдени дәстүрдің сақтаушысы, түрлі буын арасын жалғастырушы болғанын және солай болып қала беретінін жеткізді.

– Отбасы күні біздің қоғамда руханилықты, өнегені нығайтуға, ерлі-зайыптылар жауапкершілігінің маңызын мойындауға ықпал етеді. Отанға деген сүйіспеншілік отбасынан басталады. Туған шаңырақтан алған тәрбие – өскелең ұрпақтың бақуатты да табысты болашағының кепілі. Отбасы

ғи адамдар өмірді тез-тез сүріп, әлеуметтік желіні ақтарғандай жылдам қарап шығуға асығады. Қауырт тірлікпен жүргенде үйдегі бала-шағаның тәрбиесі жайына қалып барады. Әсіресе ертең бесіңді тербететін қыз баланың жайы алаңдатады. Қыз бала отбасында өке мен ананың махаббатына бөленіп, мейіріміне қанып өсуі керек, сол махаббатты толық алмаған қыздар жамандыққа ұрынып жатады. Себебі ондай балалар үлкен өмірге өткенде айнала-сында мейірім танытқан арам пиғылды адамдарға жиі алданып қалады. Сондықтан қазіргі отбасында балаларға мейірім мен уақыт бөлу жетіспей жатқаны олардың алдағы өмірінде қиындыққа душар болуына әкелуде. Осы ретте баршаңыз-

елордадағы жас отбасыларға арналған 5 семинар-тренинг өтті. Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы мен Астана қаласы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссия ұйымдастырған іс-шараларға республикамызға белгілі білікті мамандар қатысып, жас отбасылардың дәстүрлі отбасы институтын насихаттау, отбасы құндылығын түсіндіру, отбасындағы қатынастарды нығайту, баланы жоспарлау және тәрбиелеу бойынша өнегелі сөздерін айтты.

Жалпы семинар-тренингтерге Астана қаласында тұратын 35 жасқа дейінгі, некесі ресми түрде тіркелген 102 жас отбасы қатысты. Оны өткізуге республи-



құндылығы, көпбалалықты насихаттау – мемлекетіміздің ең басты міндетінің бірі. Тәуелсіздік жылдары 6 миллионнан аса қазақстандық дүние есігін ашты. Ал ел азаматтарының жалпы саны 19 миллионнан асты. Бұл – Қазақстандағы отбасы-демография саясаты дұрыстығының, халқымыздың әл-ауқатының артқанының айғағы, – деді ол.

Астана қаласы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты бойынша комиссия төрағасының орынбасары Назгүл Мақжан болашақ жар, ана болатын қыздарымыздың тәрбиесіне мұқият қарау кергін айтты.

– Былтырдан бері елімізде тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа қарсы біраз іс-шара қолға алынды, заң тарапынан да оң өзгерістер болды. Соларды іске асыратын азаматтар ретінде сіздерге қыз баланың қоғамдағы орны туралы айтқым келеді. Аға-бабаларымыз баланың тәрбиесіне өте мұқият қараған. Қазір біз көп нәрсенің қадірін білмейтін болдық. Бүгін-

ды, жұмыстың қауырттығына қарамастан, балаларыңызға дұрыс көңіл бөлуіңізді сұраймын, еліміздің абыройы мен отбасы ұйытқысы болатын қара көз қыздарыңыз бен қарынжалпы саны 19 миллионнан асты. Бұл – Қазақстандағы отбасы-демография саясаты дұрыстығының, халқымыздың әл-ауқатының артқанының айғағы, – деді Н.Мақжан.

Астана қаласы әкімдігі жанындағы балалар құқығын қорғау жөніндегі комиссия мүшесі, «Әкелер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары, «Әкелер одағы» бірлестігі Астана қалалық филиалының бастығы Бекдайыр Күзембай қоғамдағы, жалпы отбасындағы әкелердің рөліне айрықша тоқталды.

Жиында сонымен қатар «Сенімен болашақ» РҚБ өкілі Индира Тоқмурзина сөз сөйлеп, тәртіп сақшыларының қоғамды толғандырған сұрақтарына жауап берді.

Биыл 4-8 қыркүйек аралығында «Отбасы – бақыт мекені» неке және отбасы институтын нығайтуға бағытталған іс-шаралар кешені аясында

камызға белгілі білікті мамандар – қоғам қайраткері, «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің иегері Оразкүл Асанғазы, педагог және отбасы психологы Ақгүл Молдабекова, Астана қаласы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссияның мүшелері атсалысты.

Маңызды жиындар кезінде жас отбасы институтын қолдау, жастар арасында отбасының адам өміріндегі рөлін, дәстүрлі отбасы құндылығын құрметтеуді насихаттау, жас отбасылардың ажырасу коэффициентін төмендету, бақытты неке құрудың негізгі аспектілерін түсіндіру мәселелері көтерілді. Сонымен қатар жас отбасыларды тыңдау және олардың арасында кері байланыс дағдысын қалыптастыру, отбасылардың құқықтық, педагогикалық, психологиялық салауатын арттыру, баланы тәрбиелеудегі ата-ананың рөлі, ата-ана мен балалар арасындағы байланыс, жүктілікті жоспарлау және оған дайындау мәселелері де назардан тыс қалмады.





**Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,**  
Президент жанындағы  
Ұлттық құрылтай мен Астана қаласы  
Қоғамдық кеңесінің мүшесі, ҚР ҰҒА академигі:



## АДАЛ ЕҢБЕК – ҚҰРМЕТТІ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын мұқият тыңдадық. Жалпы жұртшылық Жолдаудан халықтың әл-ауқатын жақсартуды көздейтін іс-шаралар қабылданатынына үміт артатыны белгілі. Иә, ел күткендей, биылғы Жолдауда да экономикалық өсімді қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылықты арттыру мақсатында қажет мәселелер күн тәртібіне көтерілді.

Білім мен ғылым саласының өкілі ретінде осы сала бойынша Президент көтерген бастамаларға ғана тоқталуды жөн көрдік.

Біріншіден, Мемлекет басшысының 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялайтыны жайлы бастамасы көптің көңілінен шықпанын ерекше айтар едік. Яғни техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажеттігі күн тәртібіне көтерілгенін маңызды мәселелер қатарына қосар едік. Жұмысшы мамандықтарын дәрiптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттауға мол мүмкіндік туатынын сөз еткен Мемлекет басшысы адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керектігіне назар аударды.

Атырауда өткен III Ұлттық құрылтайда ұлттық құндылықтар қатарында қамтылған еңбекқорлық пен кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс екенін тағы да еске салып, оның ұлттық сапасын жаңа деңгейге арттыруда да айтарлықтай септігі бар екенін тоқталып, еңбек адамының мәртебесін көтеруге мән беру керекті-

гін жеткізді. Иә, жас ұрпақты жастайынан адал азамат болуға бейімдеп, адал еңбектің қадірін арттырып, адал табыс табуға тәрбиелеу аға буын өкілдерінің парызы десек, артық айтпаған болармыз.

Мемлекет басшысының «Кәсібіне адал әрі жауапкершілікпен қараған адам қашанда лайықты бағасын алады. Бұл түсінікті қоғам санасына сіңіру қажет» деген сөзін де үлкендерге артылған жүк деп қабылдағанымыз абзал.

Екіншіден, орта білім мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының міндеттері туралы көтерілген көкейтесті мәселерге тоқталғанда мұғалімдердің біліктілігін арттыруға және әлеуметтік мәртебесін көтеруге көңіл бөлу керектігі баяндалғанын баса айтқымыз келеді. Үздік оқу бағдарламасы, заманауи мектептер, озық басқару жүйесі болса да, ұстаз білікті болмаса, оның бәрі бекер екеніне екпін түсіре айтқан Президент педагогикалық жоғары оқу орындарына таланти, қабілетті жастарды қабылдауға баса мән беру керектігі туралы тапсырмасы көптің көңіліндегісін дөп басты. Білім сапасын қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз эксперттер тобының басшысы ретінде елімізде педагог-мамандар дайындайтын жоғары оқу орындарына қойылатын талаптарды одан әрі жетілдіре түсу жөн болар еді деген сараптамалық пікірімізді де айта кетуді жөн көрдік.

Балаларды мектепке дайындау мәселесіне айрықша назар аудару, мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту ісінде мемлекетпен қатар ата-аналар да жауаптылығын арттыру мемлекеттік мән мол мәселелер қатарында екенін қаперде ұстауға үндеген Мемлекет басшысы білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру арқылы ұлттық

жаңа сапасын қалыптастыруға даңғыл жол ашылатынын атап көрсетті.

Үшіншіден, Жолдауда жоғары білімді кадрлар даярлау мәселесі көтерілді. Атап айтсақ, су, энергетика, құрылыс және басқа да салаларда қатты байқалып отырған кадр тапшылығын жою қажеттігі мен болашақта сұранысқа ие болатын кәсіптер үшін білікті мамандар даярлау керектігі туралы тапсырмалар жүктелді.

Жоғары білімді интернационалдандыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанына оң баға берген Мемлекет басшысы елімізде ашылған шетелдің белгілі 23 жоғары оқу орнына мейлінше қолдау көрсетіп, маман даярлауға берілетін мемлекеттік тапсырмасы біртіндеп көбейткен жөн екенін және білім бағдарламасы заман талабына сай келетін өз оқу орындарымызға да қолдануға осындай мүмкіндіктер туғызу керектігін тілге тиек етті. Үздік университеттердің нақты сектормен байланысын нығайтуға көңіл бөлу керектігін тапсырды.

Төртіншіден, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның үлесін одан әрі арттыру мақсатында инновациялық саясатты еліміздің ғылыми-технологиялық бағамдықтымен үйлестіру қажеттігін, жоғары оқу орындарындағы қолданбалы ғылымның әлеуетін арттыруды және Қазақстан жасанды интеллектінің кеңінен қолданатын және цифрлық технологияларды дамытып жатқан елге айналуды тиіс екенін міндеттеп, келесі жылы Астанада Жасанды интеллект ұлттық орталығын іске қосуды тапсырды.

Жолдауда білім-ғылым саласы бойынша жоғарыда атап өткен тапсырмаларды орындауға атсалысу – баршамыздың парызымыз.



Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы

**Біз кәсіп иелерімен өзара келісімге келдік, яғни «капиталды заңдастыру» үшін міндетті түрде Қазақстан экономикасына қаржы салу қажет болады. Ең бастысы, салынған қаржы ел игілігіне жарауы керек. Бұл талапты нормативтік тұрғыдан бекітіп алу қажет**



**Алтыншаш ТАБУЛДИНА,**  
Астана қалалық мәслихатының депутаты,  
№5 қалалық емхананың директоры:

## КЕШЕНДІ ШАРАЛАР ҚАЖЕТ

– Мемлекет басшысы өз Жолдауында ұлт денсаулығын нығайту және азаматтарды әлеуметтік қолдау жүйесін қайта жаңғырту үшін кешенді шараларды іске асыру қажет екенін атап өтті.

Бүгінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында диагностикалық және емдеу қызметтерінің тізімі айтарлықтай кеңейгенін атап өткен жөн. КТ, МРТ, ПЭТ/КТ және тағы басқа жоғары технологиялық қызметтер тегін негізде сақтандыру бар азаматтардың барлық санатына қолжетімді. Ал бұрын бұл қызмет түрлері тек белгілі бір әлеуметтік қорғалмаған санаттағы адамдарға: 18 жасқа дейінгі балаларға, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар адамдарға ғана қолжетімді болды.

Президент өз сөзінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу

денсаулық сақтау саласына қосымша ресурстардың айтарлықтай түсуіне ықпал еткенін және жеке медицинаға пайда әкелгенін айтты.

Денсаулық сақтау министрлігі бұл бағытта аналитикалық және тәжірибелік жұмыстар жүргізуде. ҚР ДСМ жұмыс топтары диагностика және емдеу процесін оңтайландыру бойынша нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізді, медициналық қызметтерге, оның ішінде клиникалық-диагностикалық, стационарлық қызметтерге тарифтер, амбулаториялық кезеңде дәрілік қамтамасыз ету тізбесін ұтымды етуді қайта қарады.

МӘМС қоры медициналық қызметтерді есепке алудың және төлем жүйесінің жаңа форматын енгізуде. Ол неғұрлым егжей-тегжейлі, «ашық», сенімді талдауға және қаржы-

ландыруды дұрыс жоспарлауға қолжетімді болады.

Қазіргі уақытта медициналық ұйымдар денсаулық сақтау басқармасымен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, диагностикалық және клиникалық маңызы жоқ қызметтерге негізсіз шығындар бойынша шығындарды оңтайландыру жоспарларын әзірлеуде.

Бірыңғай мемлекеттік медициналық ақпараттық жүйені «енгізу», меншік нысанына қарамастан, мемлекеттік тапсырыс алатын барлық денсаулық сақтау ұйымы үшін деректердің түпкілікті бақылауы мен объективтілігін қамтамасыз етуге көмектеседі.

Президент алға қойған міндеттерді іске асырудың жетістік ведомствоаралық өзара іс-қимылды және әрбір азаматтың өз денсаулығына қызығушылығы мен жауапкершілігін талап етеді.

**Қуаныш ОСПАНОВ,**  
«Тұрсын Астана-2» МИБ төрағасы:

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ – ҚОҒАМ НАЗАРЫНДА



– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына кезекті Жолдауында бүгінгі таңда қоғам назарын аударып отырған басты мәселенің бірі – елдің экология жағдайына тоқталды.

Өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаның тазалығы мен саулығы баршамызды алаңдатады. Бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыс аз емес. Биылғы көктемнен бері елордада «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экология акциясы ұйымдастырылып, тұтас халықты ұйыстырған берекелі бастаманы барша астаналық қолдады.

«Осындай игі шаралардың арқасында қоғамда жаңа мәдениет, жаңа қоғамдық этика орнығып келеді. Мұны туған елге деген сүйіспеншілік, жанашырлық деуге болады. Ұлттың жаңа сапасы осындай нақты шаралар арқылы қалыптасады. Бұл уақытта науқан емес. Осы маңызды жоба жыл бойы жалғаса беруге тиіс» деді Президент.

Тазалық акцияларына еліміздің түкпір-түкпірінен

миллиондаған адам қатысты. Алдағы уақытта да әкімдіктер халыққа жағдай жасап, «Таза Қазақстан» аясында көп жұмыс атқарылады деп ойлаймын.

Біз алдағы уақытта келер ұрпаққа таза ауа, таза жер, таза табиғат қалдыруымыз керек. Бұл ретте Астана тұрғындары қала тазалығына белсенді атсалысуда. Осы мақсатта елордамызда жыл сайын экология акциясы өтіп, игі істің аясында үздік аулалар анықталады. Биылғы «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экология айлығы барысында Астана қаласы Алматы ауданы бойынша біздің Р.Қошқарбаев көшесіндегі №46/1 үйдің ауласы ажарлы деп танылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде біз елорда көшелерін тазартып, аумақтарды көгалдандыру және абаттандыру, сондай-ақ жолдарды ретке келтіру жұмысын қызу жүргізіп келеміз. Былтыр ауламыз бен жергілікті жаңарса, биыл аумақты жарықтандыру жұ-

мысы қолға алынды. Осы күнге дейін біршама шаруа тындырылғанмен, алға қойған жоспарларымыз одан да көп. Бұл ретте тұрғындардың ауызбіршілігі барлық мәселенің шешілуіне жол ашты. «Үздік аула» атағын жеңіп алуға тұрғындардың әрқайсысы өзінше атсалысты десем артық айтқандық емес. Біздің жеңісіміз – бұл ортақ еңбектің жемісі. Ұйымшылдықтың арқасында атқарылған іс нәтиже беріп, ауламыз заманауи келбетке ие болды.

Жалпы қаламыздың таза болуы мәдениетімізді, адамгершілігімізді көрсетеді деп ойлаймын. Қазіргі таңның өзінде ауламызда жеке акциялар өтіп жатыр. Біз әр кез балаларға қоқысты қалай сұрыптау керектігін, табиғатқа не зиян, жалпы суды, ауаны, қоршаған ортаны ластамаудың маңызын түсіндіріп айтамыз. Осындай игі істер келешекте жалғасын табады деген ойдамын. Бір сөзбен айтқанда, біз қоғамда қоршаған ортаны қорғаудың мән-маңызын кеңінен дәрiптеуіміз керек.



**Ляззат РАЗБЕКОВА,**  
Астана қаласы технологиялық колледжінің директоры:

## КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЭКОНОМИКА ҚУАТЫН АРТТЫРАДЫ

– Президентіміздің Жолдауда кәсіптік білім беру мәселесін алға қойғаны – заңдылық. Себебі экономикалық өсімге қол жеткізу үшін нарыққа кәсіби мамандар қажет. Кәсіптік білім – нәсіп табуының негізгі жолы әрі ел экономикасының қуатын арттыратын тетік. Сондықтан осы мәселеге Президент ден қойып, көңіл бөліп отыр. Білім беру жүйесінде кәсіптік бағдар берудің маңызы күн өткен сайын артып келетіндіктен, сөзсіз, бұл жолда серпіліс, нәтижелі жұмыс болады деп сенемін. Әсіресе болашақта сұранысқа ие білікті мамандардың болуы аса маңызды. Осы мақсатта білек сыбана атсалысуға дайынбыз.

Кәсіптік білім беру саласын алға жылжыту үшін, әрине, реформалау керек. Биыл кәсіп орындардың тапсырысы бойынша жұмысқа орналастыру міндеттемесімен кадрларды мақсатты әзірлеу, сондай-ақ еліміздің әрбір макроөңірінің

тапсырысы бойынша колледждерді бейіндеу жүргізілді. Келесі жылы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін трансформация күтеді. Алдағы уақытта колледждер қызмет көрсету сапасына сәйкес рейтингіге бөлінеді. Осылайша кәсіптік білім беру саласында бәсекелестік орта қалыптасады, қызмет көрсетіп, тиімді жұмыс істеуі жоғарылайды. Одан да басқа көптеген өзгеріс жоспарлануда. Демек, техникалық және кәсіптік білім беру саласын реформалау – экономиканың бірден-бір драйвері, экономиканы көтеретін қозғаушы күш. Оның нәтижесін қарапайым халық та көретіні айқын.

Елордалық технологиялық колледждің базасында биыл жаңа оқу жылында техника-гидрогеолог мамандығы ашылды. Қазақстан бойынша бұл қадамды алғашқылардың бірі болып жасадық. Өйткені су ресурстары қызметкерлерін дайындау қалаға, жалпы елге

ауадай қажет. Биылғы су тасқыны апаты саладағы маман тапшылығын анық көрсетті. Бір жылдан астам келіссөздер жасасып, үлкен ізденістер және түрлі бюрократиялық кедергіден соң Астанадағы оқу орындары арасында тғың әрі жаңа мамандық аштық. Бастама ел игілігіне қызмет етеді деген сенім бар.

Жұмысшы мамандықтарының кеңінен дәрiптеу арқылы қоғамда еңбек адамдарының мәртебесі артып жатқаны қуантады. Себебі бүгінгінің қарапайым еңбек адамдары осындай оқу орындарынан түлеп ұшады. Мемлекет басшысы бұған дейін де қоғамда нағыз маман болу идеясын насихаттаған еді. Кәсіпін толық меңгерген адам қашанда сұранысқа ие болады. Жұмысшы мамандықтарының мәртебесін көтеруге баса мән берген сайын жастардың еңбексүйгіш маман болып қалыптасуының маңызы артады деп білемін.



2024-2025 оқу жылында бакалавриатта білім алуға 79 мыңға жуық грант бөлінді. Білім гранты иегерлерінің тізімі шыққаннан кейін гранттарды бөлуге қатысты наразылық білдірушілер көп болды. Себебі білім алушылардың бірқатары ҰБТ-да жоғары ұпай ала тұра мемлекеттік гранттан қалыс қалған еді. Астаналық мыңдаған талапкер де гранттан қағылды. Онымен қоса, сұранысы аз мамандықтарға бөлінетін грант саны жылдап артып келе жатқаны тағы бар. Жыл сайын дауға ұласып, күрмеуі шешілмей келе жатқан мәселе салаға жүйелілік қажет екенін анық көрсетті.

#### ҚАЙ МАМАНДЫҚҚА СҰРАНЫС КӨП?

Жалпы, мемлекеттік грант саны 2020 жылы – 51 мың, 2021 жылы – 53 мың, 2022 жылы – 56 мың, 2023 жылы 73 мың болса, осы жылы 79 мыңға көбейген. Алайда грант саны жылдап артқанымен, талапкерлердің арасындағы бәсекелестік басен. Өйткені 140 сұрақтың 136-сына дұрыс жауап берген оқушы да грантқа түседі, 50 балл алғандар да грант иесі атанады. Демек, ертең жұмыс нарығында жоғары білімді маман талап ететін жұмыс орындарының талабына сай сұранысы сәйкес болмауы мүмкін деген болжам бар.

Осы жылы бакалавриат бойынша гранттардың басым бөлігі «Инженерлік, өңдеу, құрылыс салалары» білім бағдарламасы топтарына бөлінді, оның саны 19 344 грантты құрайды. Ал «Педагогикалық ғылымдарға» 13 735 грант, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» саласына 10 903 грант, «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» бағытына 8 288 грант қарастырылған.

Гранттарды тағайындау конкурсына қатысу үшін 104 мыңнан астам талапкер құжат тапсырды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 10 мыңға артық. Быылғы байқау қорытындысына сәйкес, ең жоғары сұраныс «Стоматология» мамандығына болып отыр. Бұл мамандық бойынша осы жылы бір орынға 35 талапкер таласты. Өрі қарай «Халықаралық қатынастар және дипломатия» (11 адам), «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» (10 адам), «Аударма ісі» және «Психология» (9 адам) болды. Үміткерлердің арасында 22 мыңнан астамы – «Алтын белгі» иегерлері, халықаралық және республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары мен оқу озаттары бар. Сондай-ақ гранттарды үлестіру барысында әлеуметтік осал санаттағы балалардың квоталары ескерілген.

#### ЖЫЛАМАҒАН ТАЛАПКЕРГЕ ГРАНТ ЖОҚ ПА?

Биылғы грант бөлудегі басты мәселе – су тасқын салдарынан зардап шеккен аймақтарға арнайы квота бөлінгендігінде. Гранттың 20 пайызы (15 382 грант) су тасқынынан зардап шеккен аймақтардағы талапкерлерге берілген. Салдарынан жоғары балл жинап, тегін оқуға түсе алмай қалған талапкерлер министрлік өкілеттігін асыра пайдаланды, грант әділетсіз бөлінді деп мәлімдеді. Осыған қатысты «QazBilim Group» компаниясының басқарма төрағасы Аятжан Ахметжанұлы грант бөлінісінде заңсыздық орын алды деген пікірде.

«Елді мекенді су басқан жағдайда немесе басқа да төтенше жағдай болғанда сол өңірдің түлектеріне гранттан арнайы квота бөлінеді» деген норма ешқандай заңда жоқ. Министрліктің су басқан өңір арнайы грант бөлуі – толық заңсыз. Мысалы, грант бөлу туралы заңдық нормада көпбалалы отбасынан шыққан балаларға, қандастарға, мүгедектігі бар азаматтарға, Серпін бағдарламасы негізінде айқындалған өңірлер түлектеріне деген секілді квоталар

## ГРАНТ БӨЛІНІСІ ЖҮЙЕЛІ БОЛСА...

бар. Бірақ төтенше жағдайға байланысты грант бөлу туралы норма жоқ.

Мемлекеттік грантты бөлу туралы ережеде: «Грант бөлу кезінде бітіруші түлектердің мамыр және маусым айындағы нәтижесі негізге алынады. Қаңтар, наурыз және тамыз айындағы ҰБТ нәтижесі тек ақылы бөлімге түсуге жарамды» делінген. Тайға таңба басқандай нақтыланған. Ендеше, грант бөлу кезінде төтенше жағдай болған өңірлерде қантар немесе наурыз ҰБТ нәтижесін грант конкурсына жарамды ету де – таза заңсыздық емес пе?!» деді қоғам белсендісі.

Ал Ғылым және жоғары білім министрлігі заңсыздық орын алғанына қатысты мардымы жауап берген жоқ. Министр Саясат Нұрбек тек грант алмағандардың 70 пайызы мемлекет үшін басым емес мамандықтарға өтініш бергенін атады.

«Грант алмағандардың 10 мыңнан астамы ҰБТ-да 90-нан жоғары балл жинады. Алайда олар грантқа түспеді. Себебі ең көп талапкер дене шынықтыру пәні мұғалімі мамандығын

деген қызым үшін қиын жағдай болды. Кейін бірқатар университеттерге өтініш тастап, соңында Астана қаласы әкімдігінің грантын иелендік. Қазір балам 1-курс студенті атанып, қалаған мамандығына оқуға түсті. Әрине, грант бөлу жүйесін қайта қарастырған дұрыс. Грантқа ілікпей қалып, ақылы оқуға түскен қаншама үздік талапкерлер үшін жаның ашиды» деді М.Бектаева.

#### САНЫ АРТҚАНЫМЕН, БӘСЕКЕСІ ТӨМЕН

Статистикалық мәліметтердің ішінде 5 мыңнан астам талапкердің арасында дене шынықтыру пәні мұғалімі соншалық мәртебелі мамандықтың біріне айналып, үлкен қызығушылық тудыратыны ойлантады. Оның өзіне түсу үшін биыл кемі 123 ұпай жинау қажет болды. Ал елімізде тапшы инженерге 50 балмен де түсіп кетеді. Бұрын техникалық мамандықтарға білімді балалар оқуға қабылданып, олардың зерттеушілік қабілеттері қаперге алынатын. Осындай таңдаулы мамандықтардың қазір құны түсіріп, дипломы

«ҰБТ балдарымен қатар талапкерлердің таңдаған мамандығы бойынша оқуға деген ынтымақ, олардың тиісті салалардағы мектеп жетістіктерін ескеру қажет. Мысалы, әлемнің үздік университеттері жеке жетістіктерге, портфолиоға және мотивациялық хаттарға назар аударады. Мұндай тәсілді енгізу әрбір талапкердің әлеуетін неғұрлым объективті бағалауға және гранттардың әділ бөлінуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Талапкерлер үшін танымал ғана емес, болашақта сұранысы болатын мамандықтарды қарастыру маңызды. Мен оларға білім беру бағдарламалары туралы ақпаратты мұқият оқып шығуды, мансаптық кеңесшілермен кәсіби бағдарлау іс-шараларына және консультацияларға қатысуды ұсынар едім.

Бүгінде түлектердің жұмысқа орналасу мәселесі ойлантады. Себебі бір салада маман артылса, екіншісінде мүлдем тапшы. Сұранысты қанағаттандыру үшін қажет мамандықтар туралы деректерді үнемі жаңартып, талапкерлерге нақты тәжірибе жинау үшін тағылымдамадан өту маңызды. Талапкерлердің



**МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТ САНЫ**  
**2020 ЖЫЛЫ – 51 МЫҢ,**  
**2021 ЖЫЛЫ – 53 МЫҢ,**  
**2022 ЖЫЛЫ – 56 МЫҢ,**  
**2023 ЖЫЛЫ 73 МЫҢ БОЛСА,**  
**ОСЫ ЖЫЛЫ 79 МЫҢҒА КӨБЕЙГЕН**

таңдап, тапсырған 3 452 адам грантқа түсе алмады. Биыл біз бұл мамандыққа 600 грант бердік. Осы мамандықты 5609 адам таңдады. Демек, бұл 600 грантқа үздіктердің үздіктері ілінді. Екіншісі 941 адам сән, дизайн мамандығы бойынша грантқа түсе алмады. Оған 205 грант бөлінді, 1624 адам құжат тапсырды, ал 205-і грантқа түсті. Жоғары балл жинаған 941 адам грантқа түспеді. Яғни мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша грант мемлекет басымдық беретін мамандықтар негізінде берілетінін нақты түсінуіміз керек» деді С.Нұрбек.

Астаналық көпбалалы ана Мәншүк Бектаеваның тұңғышы 125 ұпаймен мемлекеттік грантқа ілікпеді. Ақылы оқығайын десе, жылдық оқу бағасы миллион теңгеден жоғары.

«ҰБТ-дан жоғары ұпай ала тұрып, жалпы грант тізімінде қызым Сандұғаш Мақсат табылмады. Ұпай санының соншалықты құнсыз болғаны ма?! 11 жыл бойы көз майын тауысып оқығанымды қайтейін, гранттың тасқыннан зардап шеккен аймақтардың балаларына үлестіріліп, еңбегім еш кетті

бар мамандар санын арттырғаннан ұтарымыз қайсы?

Сарапшылар жыл сайын гранттың көп болуы біліксіз мамандарды көбейтеді деп дабыл қағуда. Талапкерлердің грант саны көп, «қолжетімді» мамандықтарға түсуі жақсы нышан емес. Бастысы, грант деген бала оқуын әйтеуір тәмамдап, дипломы бар, жұмысы жоқ адамдардың қатарын еселейді, тіпті жұмыс істеген күннің өзінде сапасыз кадрлардың санын ғана арттырады. Бұл – грантқа жұмсалған бюджеттің нәтижесіздігі.

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Адами капиталды дамыту департаментінің директоры Азамат Бейсенбеков гранттарды бөлудің қазақстандық жүйесі жетілдіруді қажет етеді дегенді алға тартады.

#### P.S:

**Мамандықты сұранысқа, еңбек нарығына қарай лайықтап таңдайтынмыз белгілі. Алайда төрт жыл тегін оқығанның бәрі сапалы кадр болып шығуы – уақыт ениісінде. Грант санының жылдап артуынан бөлек, министрлік пен оқушы соттасқан дау жоғары білім беру саласындағы бұл мәселеде нақтылық қажет екенін аңғартты. Жастарды оқытуда талапкердің құқығын таптамай, сапаға мән беретін кез келгендей.**

болашақ мамандықты таңдау үшін кәсіптік бағдар берушілер тарапынан жүйелі түрде кеңес алуға жолға қойған жөн. Оқу орындары да жастарға еңбек нарығы туралы ақпаратты ашық жеткізіп отыруы керек» деп бөлісті сарапшы.

Осыған қатысты жақында Үкімет отырысында Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова грант бөлу жүйесі өзгеретінін жеткізді. Енді еліміздің жоғары оқу орындары білім сапасына қарай үш лигаға жіктеліп, гранттар жоғары оқу орындарының кіретін лигасына қарай және ҰБТ-да жоғары балл алған, бірақ конкурс аясында өте алмай қалған түлектерді қолдау мақсатында сараланады. Сонымен қатар, осы өзгерістер аясында университеттерге түсуге мүмкіндік беретін шекті балдар да қайта қарастырылады.

## ТҮЛЕКТЕРГЕ СЕРТИФИКАТ ТАБЫСТАЛДЫ

Астана қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы бастамасымен түлектерге қаланың жоғары оқу орындарында оқу ақысын төлеу үшін әлеуметтік көмек көрсетілді. Биыл әкім гранты әлеуметтік осал топтан шыққан 38 астаналық түлекке берілді.



Астана қаласының жоғары оқу орындарында күндізгі нысанында оқу ақысын төлеу үшін берілетін әлеуметтік көмек 2004 жылдан бері дәстүрлі негізде жүргізіледі. Көмек жан басына шаққандағы орташа табысы 4 ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын ақшалай төлем түрінде беріледі. Арнаулы сертификат Астана қаласының жалпы білім беретін мектептерінің жетім балалары, балалар үйінің түлектері, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар және көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға беріледі.

Мектеп түлектеріне сертификатты Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерік Мейірханов табыстады. Іс-шараға сондай-ақ бірқатар университеттердің өкілдері, ата-аналар қауымы мен жастар қатысты.

«Атаулы әлеуметтік көмек аясында 2008 жылдан 416 студент оқуын тәмамдады. Негізгі басымдық педагогика, медицина және техникалық мамандықтарға берілді. Биыл 56 студент Астана қаласының үздік жоғары оқу орындарында ди-

зайн, шетел тілі, ақпараттық жүйелер, менеджмент және басқару, стоматология, туризм, аударма ісі, құқық, жалпы медицина, кинезиотерапия, электроэнергетика, қазақ тілі мен әдебиеті, тасымалдауды ұйымдастыру және әлеуметтік жұмыс маманы атанды. Оқуды аяқтағандар ішінде 323 түлек жұмысқа орналастырылды. Яғни, студенттерге білім алуға мүмкіндік беріп қана қоймай, оларды әрі қарай жұмысқа орналастыру – негізгі мақсатымыз» деді өз сөзінде елордалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Илья Скуб.

Жаңа оқу жылында азаматтардың жеке жетілген санаттары ішінде 150 түлекті оқыту көзделіп отыр. Биыл мектеп түлектері дизайн, ақпараттық жүйелер, көліктік қызмет, жалпы медицина, психология, сәулет, қоршаған орта, дене шынықтыру және спорт, биотехнология, әлеуметтік жұмыс және жасанды интеллект мамандықтары бойынша білім алады. Солардың қатарында Ақжан Әл-Машани атындағы № 92 мектеп-лицейінің түлегі Ержан Жандосов бар.

## БАСЫМ БАҒЫТ

Астана қаласы Білім басқармасы мен Дене шынықтыру және спорт басқармасы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Алғаш рет жасалып отырған бұл құжат елордалық білім алушылар арасында бұқаралық және балалар спортын дамытуға мүмкіндік береді.



Айтулы жиынға елордалық Білім басқармасының өкілдері, мектеп директорларымен қатар, қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасына қарасты ұйым өкілдері қатысты.

Меморандум білім беру ұйымдарында дене шынықтыру мен спортты дамытуға, сондай-ақ Астана қаласының мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары мен кәсіби спортшылар арасында тәжірибе алмасуға және оқушылар мен студенттердің бос уақытын тиімді пайдалануға бағытталды.

«Бұқаралық және балалар спортын дамытуға қатысты келісімнің жаңа оқу жылында жасалғаны қуантады. Білім беру ұйымдарының спорт залдары

мен кәсіби жаттықтырушылардың әлеуетін тиімді пайдаланып, саламатты ұрпақ қалыптастыру жолға қойылады. Әсіресе мектептерде оқушылар үшін қолайлы жағдай жасауға айрықша басымдық беріледі.

Астанада 60 мыңнан астам бала спортпен айналысады. Көрсеткіш «ArtSport» және «Damu Bala» секілді бағдарламалардың нәтижесінде өсіп отыр. Ендігі кезекте бұл меморандум аясында спортқа қызыққан оқушылар саны бұдан да артады деп білеміз» деді қалалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазиев.

Кездесу барысында алдағы уақытта бірлесіп атқарылатын жұмыстардың жоспары талқыланып, ұсыныстар айтылды.



№107 (4695) 07/09/2024 Сенбі

– Сіз еңбек жолыңызды қарапайым энергетик болып бастап, Қазақстанда энергетика саласының қалыптасып, ілгерілеуіне куә болған тәжірибелі мамансыз. Еліміздің қазіргі энергетика саласының ахуалы қандай? Энергияға деген тапшылық бар ма?

– Ұзақ жылдар энергетикалық компанияларда жұмыс істеп, тәжірибе шындап, саланың қыр-сырын меңгердім. Сондықтан сарапшы-энергетик ретінде саланың жұмысын сараптап аламын. Шынында, елімізде электр энергиясының тапшылығы бар. Бұл жағдай, бәлкім, 6-7 жыл бұрын орын алды деуге болады.

Шүкір, демографиялық дүмпү сезілуде, 20 миллионнан астық. Алдағы уақытта халық саны өсе береді. Сонымен бірге экономикамыз бір орында тұрмайды. Өнеркәсіп саласын ілгерілету, шағын және орта бизнес саласын дамыту маңызды. Мұның бәрі энергиясыз іске аспайды. Қоғамдық өмірімізге жасанды интеллект дендеп енеді. Одан бас тартсақ, өркениет көшіне ілесеміз. Ал ЖИИ энергияны көп тұтынатынын білуіміз керек.

6-7 жыл бұрын байқалған энергия тапшылығы алдағы уақытта ұлғайып, сұраныс арта береді. Мұның бәрін жылу электр стансасымен (ЖЭС) қамтамасыз ету қиын. Бізге энергияның жаңа көздерін табу керек. Қазіргі сұранысты, тіпті алдағы 10-15 жылға керекті электр энергиясын ескі көздерді жаңғырту, кеңейту арқылы шешуге болатын шығар. Бірақ шексіз емес. Мәселен, қуаттылығы 1000 МВт ЖЭС толық жұмыс істемейді. Оларды қайта құруға, жаңғыртуға не кедергі болып отыр? Біріншіден, тарифке әсер етеді.

– Қазіргі энергияға деген тапшылық қалай шешіледі?

– Алматының энергетика жүйесін газға көшіру жоспарда бар. Екібастұз ГРЭС-інде жыл соңына дейін тағы 1 блок іске қосылады. Жезқазған, Балқаш, Атырау, Павлодар ЖЭС жаңғырту жобасы бар. Бұған Көкшетау, Семей, Өскемен ЖЭС қосыңыз. Екі су электр станциясы бар. Азия орталығындағы жобаларға қосылады. Осы жобалар елшілік энергия қажеттілігін шешуде септігі бар.



## АЭС САЛУ – КЕЛЕШЕКТІҢ КЕМЕЛ ЖОБАСЫ

«Атамекен» ҰҚП басқарушы директоры, сарапшы-энергетик Жақып Хайрушевтен АЭС салудың маңызы неде, одан не ұтамыз, атом энергетикасының экологиялық және қоғамдық қауіпсіздікке әсері қандай деген сұрақтарға жауап алдық.

– Тариф демекші, қазіргі электр энергиясын тұтыну құны қандай? Тарифке байланысты Үкіметтің ұстанған саясаты туралы не білесіз?

– Бұл – үлкен мәселе. Тариф қалыптастыру мәселесіне енді көңіл бөлініп, нарықтың талаптарына сай азды-көпті теңестіре бастадық. Мұны тұтынушылар дұрыс қабылдамай, «шок» болуда. Егер 6-7 жыл бұрын тарифті біртіндеп көтергенімізде, халық қазіргідей абдырап қалмаушы еді.

Шынында, Үкімет тариф саясатына сақтықпен қарап, бірнеше жылдан бері тарифті күрт көтеруге қадам жасамады. Бірақ кәсіпкерлік субъектілер тарифтің қымбаттағанын сезінді. «Атамекен» ҰҚП шағын және орта бизнес үшін тарифтің көтерілгенін байқап отыр. Бұл мәселені көтеріп, министрлікпен, құзырлы департаментке шығып, талқыладық. Өкініштісі, біздің ұсыныс-пікіріміз ескерісіз қалды.

– Маман ретінде айтыңызшы, кәсіпкерлікті дамыту маңызды. Бірақ коммуналдық шығындар іскер азаматтардың ісін дөңгелетіп әкетуге айтарлықтай кедергі келтіреді. Тығырықтан шығатын жол бар ма?

– Халықтың әлеуметтік осал санатына жататын адамдар бар. Әрине, оларды тарифтік субсидиялау арқылы қолдау керек. Бірақ мұның өзі тығырықтан шығатын жол емес. Бізге электр энергиясын үнемдеу тәсілдерін жетілдіру маңызды. Сөйтіп, экономикамыздың энергия тиімділігін арттыруымыз керек. Бәрінен бұрын, адамдардың энергияны тұтынуда үнемшілдік көзқарасын қалыптастырған жөн. Онсыз іс өнімді, жұмыс берекелі болмайды. Мысал үшін айтайын, соңғы оншақты жылда Еуропаның жетекші елдерінде энергияны тұтыну деңгейі қатты өспеді. Солай бола тұра, Улыбритания, Франция және Германияда экономика бірнеше есе өсті. Неге, өйткені жаңа өндіріс ашқанда ең бірінші энергияны үнемдейтін технологияны енгізуі тиіс. Онсыз іскерлік жұмыстарын жүргізе алмайды. Яғни еуропалықтардың үнемшілдік дағдысы қалыптасты.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауында «Кім көп тұтынса, ол көп төлейді» деп анық айтты. Бұл – дұрыс пайым, ұтымды шешім. Жаңа жылдан бастап осы тәсілге көшсек, кәсіби тұрғыдан энергияны үнемдеуге бет бұрамыз дегуге болады.

– Сіздің сөзіңізше, тығырықтан шығатын жол біреу – электр энергиясын үнемдеу. Солай ма?

– Әрине, үнемшілдік жақсы қасиет. Екінші нұсқасы – көп электр стансасын салу. Көмірмен өндірілетін станцияларды көптеп салуды әлемдік қауымдастық қолдамайды. Өйткені Қазақстан көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясын бекітті. Халықаралық келісім шеңберінде 20-25 жыл көлемінде көмірмен жұмыс істейтін станцияларды жанартуға, жаңғыртуға мүмкіндік бар. Одан кейін не істейміз, әрине, электр энергиясының жаңа көздерін іске қосу керек. Қазір көміртегі бейтараптығына көшу әлемдік трендке айналғаны қашан. Бұдан Қазақстан сырт қала алмайды.

Жаңғыртылатын энергия көздерін мемлекеттік деңгейде де, бизнес деңгейінде де жан-жақты қолдаймыз. Бұл бағытта проблемалар жоқ. Бұл энергия көздерін экономикаға керекті деңгейде өндіруге мегажобаларға айналып, энергетикалық жүйемізге біркелкі қосылуы керек. Тарифті белгілеу мәселесі – технологиялық тұрғыда шешімін таппаған

мәселе. Қысқасы, Қазақстанда энергияның тапшылығын реттейтін бір жолы – бейбіт атом энергиясы.

– Негізгі тақырыпты кеңірек тарқата түссек. Ауқымды жобаға экономикалық тұрғыда дайынбыз ба, экологиялық зияны жоқ па, кәсіби мамандар жеткілікті ме?

– Бірден айтайық, АЭС бүгін немесе ертең энергия бермейді. Келешектегі электр энергиясына деген тапшылық үшін керек. Өйткені 10-12 жыл салынуы мүмкін.

Атом мамандарымыз бар. Түркиядағы АЭС құрылысында 600 қазақстандық маман жұмыс істейді. Бангладештегі станция құрылысында 400 отандық инженер-энергетиктер атсалысуда. АҚШ-та, Францияда, Мысырда жұмыс істейтін бар. Ондағылардың нақты санын білмеймін.

Осы мамандар АЭС салына-тын болса, елімізге бет бұрып, келетініне сенемін. Тіпті кәсіби мамандарды өзіміз шақырамыз. Бұл мәселе емес. Елдегі университеттерде атом энергетикасы бойынша білім алатын студенттер аз емес. Олардың тәжірибесін шыңдап, дайындай аламыз. Сондықтан мамандарға байланысты мәселе жоқ.

Қазақстанда көмір бағасы тоннасына шамамен 5000-6000 теңге. Ал уран бағасы – әлемдік нарықта бір фунт үшін 40 доллар. Бізде ішкі нарықта уран қолданыста жоқ. Бұл жерде ең маңыздысы – уранның бағасы емес, энергияны жинақтау технологиясы. Осы технологияны қолдану нәтижесінде әлем салыстырмалы түрде арзан және көп энергия алып отыр. Оның ең қымбаты – реакторлардың қоршаған ортаға қауіпсіздігін және пайдаланылған элементтерді жоюды қамтамасыз ететін құрылыстар.

– Қазақстандықтар арасында атом энергиясына деген қорқыныш бар. Оны жасыра алмаймыз. Жалпы, әлем тәжірибесі туралы тоқтала кетсеңіз.

– Финляндия – көптеген рейтинг бойынша көш басында. Мәселен, Климат көрсеткішінің индексі, Экологиялық тиімділік индексі, Экономикалық еркіндік индексі, Жаһандану индексі және тағы басқасында алдыңғы қатарда. Финляндия орманымен, суы тұнық

көл-өзендерімен мақтанады. Скандинавиялық елде 2 атом электр станциясы бар.

Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік (МАГАТЭ) және Дүниежүзілік ядролық қауымдастықтың (WNA) есебінше, Дүние жүзінің 32 елінде жалпы электр қуаты 394 ГВт болатын 440 ядролық реактор (қуат блоктары) жұмыс істейді. Оның басым көпшілігі АҚШ, Еуропа елдері мен Жапонияда орналасқан. ТМД бойынша Беларусьте, Арменияда, Ресейде, Украинада атом электр станциялары жұмыс істейді. Түркияда 4 блок салынууда. Биыл бірінші блок ашылды.

– Ел арасында Балқашта АЭС орнатылады, бұл көлдің экологиясына әсер етеді деген пікір бар. Бұған не дейсіз?

– Біріншіден, Балқаш көлінің суы АЭС реакторына тимейді. Су ТЭЦ-тегідей жылу механикалық қондырғысымен жанаспайды. Атом электр станциясының ядролық отынының 30 пайыздан астамы қайта циклге қайтарылды. Біле білсек, ЖЭС-тің экологияға кері әсері орасан зор. Көмірмен жұмыс істейтін жылу электр станцияларының радиоактивтілігі радиацияның өзінен кем емес. Бұл туралы біздің экологтар жұмыс ашпайды. Неге десеніз, энергия қажет. Онсыз қараңғы түнекке қайта түсіп, өркениет көшінен қалып кетеміз. Ауа адамға қандай қажет болса, елдің дамуында энергияның қажеттілігі сондай деңгейде.

Көмірдің қоры 300 жылға жетеді. Көміртегі бейтараптығы туралы халықаралық келісімге келгендіктен, Екібастұз көмірінің дәуірі аяқталып келе жатқанын түсінуіміз керек.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның Экономикалық бағдары» атты Жолдауында көмір химиясын жетілдіруді ұсынды. Көмір химиясы арқылы кокс газы, көмір шайыры, фенол, пиридиндер, антрацен майы, өндіріш газ алуға болады.

Мемлекет басшысы елдің 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекітті. Бұл – жақсы ұсыныс. Біз энергетикалық нысандардың схемасын әзірлеп, жүйелі дамудың жолын жан-жақты жоспарлауымыз керек.

Сұхбаттасқан

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

### МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР ТУРАЛЫ

2024 жылғы 8 маусымда Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне мемлекеттік бақылау мен қадағалау ұйымдастыру және жүргізу тәртібіне қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Жалпы алғанда, бақылау мен қадағалау салалары профилактикалық бақылау, тексерулер мен тергеулер түрінде өзгеріссіз қалды, бірақ жоспардан тыс тексерулер жүргізуіне жаңа негіздерімен толықтырылды (Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 144-б. 5-т.). Бұрын жоспардан тыс тексеруді тағайындау тек бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша шығарылған ұйғарымның орындалуына бақылау негіз болса, енді аталған негізге толықтырулар енгізілді. Бұдан былай тексерілетін субъект анықталған бұзушылықтардың жойылғаны туралы ақпарат бермеген және (немесе) бұзушылықтарды жоймаған жағдайларда жоспардан тыс тексеру нәтижелері бойынша берілген ұйғарымның орындалуына бақылау негіз бола алады (Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 144-б. 5-т. 2-1-т.). Жедел ден қою шаралары тексерілетін субъектінің қызметін, сондай-ақ жұмыстарды немесе жекелеген қызмет түрлерін орындауды тоқтата тұруды қамтиды. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау, тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдері өткен соң, анықталған

бұзушылықтарды жоюды бақылау бойынша жедел ден қою шараларының қолдануға негіз болып табылатын тексеру жүргізіледі. Қолданатын заңнамалық актілердің (бұдан әрі – комитет) тексерулері жоғарыда аталған жаңашылдықтар бойынша ҚР БП құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарында міндетті түрде тіркеледі. Бүгінгі күні құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының процесін автоматтандырылған, осыған байланысты соңғы 10 жылда тіркелген тексерулер санының 5 есеге едәуір төмендегені байқалады. ҚР БП құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Астана қ. бойынша департаментінің (бұдан әрі – Департамент) басым міндеттерінің бірі жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау мәселесі болып табылады, осыған байланысты бақылау және қадағалау органдарының тексерулерін тіркеу және есепке алу жөніндегі жұмыс ерекше бақылауға алынған. Тексерілетін субъектілердің құқықтарының бұзылуына жол бермеу мақсатында Департамент тіркеу сатысында негізгі тексерулер тағайындау фактілерінің жолын кеседі. Осылайша, 2024 ж. өткен

кезеңінде Департамент Астана қ. бақылау және қадағалау органдарының 61 тексеру актісін тіркеуден бас тартты. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – комитет) ақпараттық жүйелеріне мониторинг жүргізу, сондай-ақ бақылау және қадағалау органдарының қызметінде тексерулер жүргізу арқылы мемлекеттік органдардың кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласу фактілерін анықтау бойынша тұрақты негізде жұмыстар жүргізілуде. Астана қ. бақылау және қадағалау органдарында қадағалау қызметі барысында 2024 ж. өткен кезеңінде 42 заңсыз тексеру анықталды. Барлық анықталған бұзушылықтар бойынша мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы қолданыстағы заңнаманың талаптарын қамтамасыз ету және кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау бойынша тиісті шаралар қабылданды, бұл құқық бұзушылық деңгейінің төмендеуіне әкелді. Осыған байланысты, Сіздің құқықтарыңыз бақылау және қадағалау органдары тарапынан бұзылған жағдайда, Сіз құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарына жүгіне аласыз немесе Бас прокуратураның call-орталығының бірінші нөмірі – 115 телефон нөмірі бойынша хабарлай аласыз. Тексерілетін субъектілерінің бірі жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау мәселесі болып табылады, осыған байланысты бақылау және қадағалау органдарының тексерулерін тіркеу және есепке алу жөніндегі жұмыс ерекше бақылауға алынған. Тексерілетін субъектілердің құқықтарының бұзылуына жол бермеу мақсатында Департамент тіркеу сатысында негізгі тексерулер тағайындау фактілерінің жолын кеседі. Осылайша, 2024 ж. өткен

**А.ШАЙМЕРДЕНОВА,**  
ҚР Бас прокуратурасы  
Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Астана қаласы бойынша департаментінің прокуроры

Астана қаласының әмелихаты, Астана қаласының Қоғамдық кеңес мүшесі, «Астана қаласы Кәсіподақ орталығы» ҚБ төрағасы Құнәділов Төлеген Нығметжанұлының кеңесшісі Құнәділов Нығметжан Ахметжанұлының мезгілсіз өмірден өтуіне байланысты орны толмас қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

**ХАБАРЛАНДЫРУ**  
«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы № 505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес «Кіріктірілген үй-жайларды өткізілетін туралы хабарлайды»

№ 74/1 ұч., тапсырыс берушісі «Royal Cars Astana» ЖШС.

2. «Сауда орталығы, тұрғын емес үй-жайлары және паркингі бар көпфункционалды көпөтпелі тұрғын үй кешені, 21 қабат» объектісін орналастыру бөлігінде ЕТЖОК әзірлеу бойынша, Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Қ. Мұхамедханов және Күлтегін көшелерінің қиылысы ауданы, тапсырыс берушісі «something» ЖШС.

3. «Кіріктірілген үй-жайлары, паркингі және бизнес-орталығы бар көпөтпелі тұрғын үй кешені, 9 қабаттар» объектісін орналастыру бөлігінде ЕТЖОК әзірлеу бойынша, Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Қорғалжын тас жолы, № 7/1 ұч., тапсырыс берушісі «NQZ-007» ЖШС.

4. «Сауда орталығы, тұрғын емес үй-жайлары және паркингі бар көпфункционалды көпөтпелі тұрғын үй кешені, 40-қабат» объектісін орналастыру бөлігінде

ЕТЖОК әзірлеу бойынша, Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Қ. Мұхамедханов және І.Омаров көшелерінің қиылысы ауданы, тапсырыс берушісі «Kobe Bean» ЖШС.

5. «Паркингі бар кешіктірілмейтін, 9-қабат» объектісін орналастыру бөлігінде ЕТЖОК әзірлеу бойынша, Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Тұран даңғылы, №62Д ұч., тапсырыс берушісі «Oynbor Capital Group» ЖШС.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде p.seitzhararov@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә. Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жөшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

Сканерлеу, сілтемелер, орналастыру туралы растау, жауап хатқа қою беруіңізді сұраймыз.

**ХАБАРЛАНДЫРУ**  
«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы № 505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес, «Кіріктірілген үй-жайлары мен паркингі бар көпөтпелі тұрғын үй кешені 9, 12, 16-қабат» объектісін жерге орналастыру бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша қоғамдық талқылаулар өткізілетін туралы хабарлайды, мекенжайы: Астана қаласы,

«Нұра» ауданы, Күлтегін көшесі, № 16 учаске, тапсырыс берушісі «Қазақстандағы Стройтехно-монтажная компания Основа» ЖШС.

Қоғамдық талқылаулар 2024 жылғы 10 қазанда сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде s.alkuatova@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә. Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жөшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

**ХАБАРЛАНДЫРУ**  
«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы № 505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес, «Көпфункционалды кешен» объектісін жерге орналастыру бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша қоғамдық талқылаулар өткізілетін туралы хабарлайды, мекенжайы: Астана қаласы,

«Нұра» ауданы, Е17, Е33 және Е20 (жобалық атауы) көшелерінің қиылысы ауданында, тапсырыс берушісі «Magnum Real Estate Astana» ЖШС.

Қоғамдық талқылаулар 2024 жылғы 10 қазанда сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде s.alkuatova@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә. Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жөшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

Астана қаласының Қоғамдық кеңесі Қоғамдық кеңес мүшесі, «Астана қаласы Кәсіподақ орталығы» ҚБ төрағасы Құнәділов Төлеген Нығметжанұлының кеңесшісі Құнәділов Нығметжан Ахметжанұлының мезгілсіз өмірден озуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



# БЕТКЕ АЛЫП КӨШПЕНДІЛЕР АСТАНАНЫ, МІНЕ, ЕРТЕҢ ҰЛЫ ДҮБІР БАСТАЛАДЫ

Самырсынға Ғұн байлап саңылағын, Сақтар жорытқан мекенде сап ұранын, Қазақтың биік қыл деп шаңырағын алты алаштың баласы басын қосып, бүлдіргені бүйректі, бөденесі үйректі осынау Ұлы дала төсінде ертең V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының түңілігі түріліп, туы желбірейді.

## Шапағат ӘБДІР

**Ж**алпы адамзат тарихы отырықшы және көшпенді болып екіге бөлінеді. Бұл екеуінің де өзіндік қалыптастырған мәдениеті, өнері, өркениеті болады. Ертең басталатын V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары біздің ата-бабамыздың жүрген жолынан сыр шертіп, оны күллі әлемге паш ететін бірден-бір спорттық ойындардың алаңы саналады.

Төбел бие сойдырып төменгі елді, жорға бие сойдырып жоғарғы елді шақырған ұлы тойды арасанға ат айтып, қорасанға қой айтып «Ұлы дала жорығы: 2024» ат бәйгесінен басталып та кетті.

## «ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ» ӨТТІ

3 қыркүйек күні V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының бастауы – «Ұлы дала жорығы» халықаралық марафон бәйгесі дала өркениетінің қайнар көзі – киелі Ботай қонысынан басталды. Жарыс бүгін астанада аяқталады. Оған Түркия, Оңтүстік Африка Республикасы, Иран, Мажарстан, Қырғызстан, Ресей Федерациясы, Қазақстан және тағы басқа мемлекеттерден 17 команда, еліміздің атынан Адай, Әулиеата, Найман, Жетісу арғымағы, Қостанай, Көшім жылқы тұқымдарымен 9 құрама қатысты. Қатысушылардың қатарында қыздардан құралған командалар да бар. Шабандоздар Ботай қонысынан Астана қаласына дейін 500 шақырымды еңсеріп жетті. Бұл жорықтың басты мақсаты – ұмыт бола бастаған жылқы тұқымдарын қайта жаңғыртып, олардың әлеуетін халықаралық деңгейде насихаттау.

Ал «Ұлы дала жорығы» жобасының негізгі бағыттарының бірі – қолтума жылқылардың екінші тынысын ашу. Әрі қазақ аттары бұған дейін «Бәйге аты», «Көкпар аты» деп аталып келсе, енді бұл қатарда «Жорық аты» қосылды.

## ҚАТЫСУШЫЛАР СУ АЛЫП КЕЛДІ

Шын мәнінде көшпенді

халықтардың мәдениетін түйістіріп, бастарын бір жерге сыйыстырып отырған бұл жарыстың орны ерекше. Бастапқы өткен үш реткі көшпенділер ойындарында басты қасиетті нышаны және негізгі элементі су болды. Су – барлық тіршіліктің қайнар көзі. Адамға ауадай қажетті заттардың ішінде кем болса болмайтын судың қадірі жыл өткен сайын бүкіл жер бетіне білінуде. Ал биылғы көшпенділер ойындарының да алғашқы басталуы да су алу рәсімінен басталды. Өйткені дәстүр бойынша, Олимпиада, Азия және Дүниежүзілік Универсиада сияқты заманауи ірі спорттық жарыстардың барлығына дерлік пішіні жағынан әртүрлі, бірақ мазмұны біркелкі Алау эстафетасы міндетті түрде кіреді. Сол сияқты көшпенділер ойындарында басты қасиетті нышан және негізгі элемент су болғандықтан, Қазақстанның түкпір-түкпірінен аталған ойындарға қатысатын делегация

өңірлердің өкілдері басқаратын «Бірлік керуенін» алып келген спортшылар, қоғам қайраткерлері, түрлі облыстардан келген өңірлердің батырлары Астанаға жеткізді. Бұл су ертең ойындардың ашылуында тайқазанға құйылады.

## БҰҒАН ДЕЙІН ҚАЛАЙ ӨТТІ?

Ал енді бұл ойындардың алғаш рет қайда ұйымдастырылғаны және онда қанша мемлекет пен қанша спортшы қатысқаны туралы ақпарат бере кететін болсақ, алғаш рет бұл жарыс 2014 жылы Қырғызстанның Чолпан-Ата қаласында ұйымдастырылып, оған 19 елден 10 спорт түрі бойынша 583 спортшы қатысқан болатын. Екінші рет 2016 жылы 62 елден 26 спорт түрі бойынша 1200



салты мен тұрмыс-тіршілігінен бастау алатын ұлттық спорттың мерекесі болып саналады. Ал ертең Астанамызда басталатын V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына 100-ге жуық мемлекеттен 2000-нан аса спортшы қатысады. Қарап тұрсаңыз, бұл ойындардың тарихында ең көп мемлекет қатысып жатқан да осы жарыс болып отыр. Бұдан басқа төрт жарыс та өткізген елдер астанасында өтпеген. Тек осы жолы ғана елорда төрінде өтіп жатыр. Бір қызығы, бұдан бұрынғы төрт ойында да командалық есепте қырғыздар бірінші орын алып келген.

## ҚОЛДАУШЫЛАРЫ КІМДЕР?

V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының бас демеушісі – ALAGEUM ELECTRIC, ал бас серіктесі – Halyk Bank. Сондай-ақ ойындардың ресми байланыс операторы «Кселл». Ол халықаралық шараға қатысушыларды тегін интернет байланыспен қамтитын болады.

Бұл ретте «Кселл» Қазақстанның халықаралық аренадағы мерейін асырып, беделін көтеруге бағытталған барлық жобаларды қолдауға әзір. Елдегі ең ірі байланыс операторы ретінде 2010 жылы Астанада өткен ЕҚЫУ Саммитінің ресми серіктесі болғаны – соның бір дәлелі. 2011 жылы Қысқы Азияданың да ресми байланыс операторы боп таңдалғаны тағы бар. Енді, міне, Дүниежүзілік көшпенділер ойындарынан да тыс қалмады. Осыған дейін сайыс өтетін спорт нысандарында байланыс құрылғылары мен қосымша базалық станцияларын орнатты. Атап айтсақ, «Кселл» компаниясының техникалық жасағы «Астана-Арена» стадионы, «Қазанат» атшабары және Ж.Үшкөмпіров атындағы жекпе-жек сарайы, «Алау» мұзайдыны, «Qazaqstan» жеңіл атлетика кешені, ҚР Ұлттық музейі, «Думан» ойынауық кешені аумағына 4G және 5G қосалқы базалық станциялары мен телекомникациялық жабдықтары орнатылған. Бұл шетелдік

Бүгінгі таңда спорттық жарыстарға барлығы 89 елден 2430 қатысушы тіркелді. Мұның ішіне жаттықтырушылар мен спортшылар кіреді. Ойындарда 21 спорт түрі бойынша 97 медаль жиынтығы сарапқа салынады. Медальдің жалпы саны – 581 дана. V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының жалпы жүлде қоры – 250 миллион теңге

қонақтар мен қатысушыларға өз туған-туыстарымен еш кедергісіз бейнебайланысқа шығып, әлеуметтік желілерге фото, видео материалдарды жедел жүктеуге, таратуға, барлық цифрлық сервистерді үздіксіз пайдалануға мүмкіндік береді. Осыдан екі күн бұрын V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын дайындау және өткізу жөніндегі дирекция басшысының орынбасары Абылай Қондыбаев пен «Ұлттық және ат спорты түрлері орталығының» директоры Бақдәулет Сәбитов ҚР Президентінің жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің баспасөз алаңында V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына дайындық мәселесін сөз еткен болатын.

## СОҢҒЫ МӘЛІМЕТТЕР ҚАНДАЙ?

Міне, сол жиналыста Абылай Қондыбаев: «бүгінгі таңда спорттық жарыстарға барлығы 89 елден 2430 қатысушы тіркелді. Мұның ішіне жаттықтырушылар мен спортшылар кіреді. Ойындарда 21 спорт түрі бойынша 97 медаль жиынтығы сарапқа салынады. Медаль-

дің жалпы саны – 581 дана. V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының жалпы жүлде қоры – 250 миллион теңге. Сыйақы ойындардың бас серіктесі Халық банк тарапынан қарастырылған. Ал ойындарға жалпы бюджеттен 5,7 млрд теңге бөлінді. Сонымен қатар Ғылыми бағдарламаға 12 елден 75 қатысушы тіркелген. Ал мәдениет бағытында Этноауылда 100-ден астам мәдени іс-шара өтеді және мәдени бағытта барлығы 5600 қатысушы бар. Ал ойындарға қатысуға баспасөз аккредитациясының жалпы саны 64 елден 1185 өтінімді құрады. Олардың ішінде CNN, BBC, Euronews және т.б. сияқты әлемдік жетекші БАҚ өкілдері бар. Жарыстың барлық кезеңінде негізгі спорт нысандарында баспасөз орталықтары жұмыс істейді. Сонымен қатар аты айтып тұрғандай, бұл спорттық шара болғандықтан, бұл іс-шараға 560-қа жуық спорттық жылқы келеді. Оларды орналастыруға және ветеринарлық күтімге барлық жағдай жасалған. Аталған ойындар барысында ел намысын барлық 21 спорт түрі бойынша 216 спортшы қорғайды. Спортшылардың дайындық мәселесіне келсек, 2024 жылы ақпан айынан бастап 11 ұлттық спорт түрлері бойынша 42 оқу-жаттығу жиындары өтті. Сонымен қатар бір шетелдік спортшының шығыны 2 миллион теңге көлемінде ақша қарастырылған. Әр қонаққа шамамен 1 800 000 теңге жұмсаймыз» деді ол.

V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының ашылу рәсімі кезінде 8 қыркүйек күні сағат 16:00-ден бастап «Қазмедиа орталығы» орталық баспасөз орталығы жұмыс істейтін болады. Журналистердің ақпарат таратуына ыңғайлы болуы үшін Ойындардың ашылу салтанаты «Қазмедиа орталығында» ұйымдастырылған баспасөз орталығында тікелей эфирден көрсетіледі. Сонымен қатар, V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары барысында «Қазмедиа орталығындағы» баспасөз орталығымен қоса «Қазанат» ипподромында, Ж. Үшкөмпіров атындағы жекпе-жек сарайында, «Алау» мұз айдынында баспасөз орталықтары жұмыс істейтін болады.

Ал бүгін Этноауыл ресми түрде жұмысын бастады. Оған көрермендер мен қатысушыларға ыңғайлы болу үшін арнайы тасымалдау көліктері ұйымдастырылған. Сондай-ақ қонақтарды қабылдау үшін 20 астаналық қонақ үйі мен 331 көлік құралы дайын. Ал қатысушылар үшін қонақ үйлерден спорттық нысандарға арнайы шатл басстар ұйымдастырылады.

Ертең дүбірлі доданың ресми ашылуы болады. Салтанатты шараға келген көрермендерді қабылдау үшін бірнеше қабылдау пункттері ашылады. Әрі ашылу рәсімі «Астана Арена» стадионында өтеді. Оған қатысушыларды автобустармен жеткізу ұйымдастырылады.

Қазіргі таңда Ойындар алдында волонтерлер белсенді жұмысқа кірісті. Ойындар кезінде барлығы 1300 волонтер қызмет атқарады. Волонтерлерден ойын алдында барлығы 4500-ден астам өтінім келіп түскен. Ал V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын ересектерге арналған билеттерінің құны 500-ден 15000 теңгеге дейін құрайды. Ал билеттердің орташа бағасы – 3600 теңге. Зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі жандарға, оқушыларға жеңілдіктер мен арзандатылған бағалар қарастырылған. Ойындардың жабылуы 13 қыркүйекте өтеді. Жабылу салтанатында келесі өткізуші мемлекетке жолдама берілетін болады.



№107 (4695) 07/09/2024 Сенбі

## АХМЕТ – ҰЛТ ҰСТАЗЫ

2017 жылы Үкімет қаулысымен 5 қыркүйек, яғни Ахмет Байтұрсынұлының туған күні – Қазақстан халқы тілдерінің күні болып ресми бекітілген болатын. Осыған орай елімізде жыл сайын әртүрлі форматта іс-шаралар ұйымдастырылады.

### Шапағат ӘБДІР

Ең әуелі Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай елордада «Қаламгерлер» аллеясында орналасқан «Алаш қайраткерлері» ескерткішіне гүл шоқтары қойылды. Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Руханият» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ұйымдастырған шараға Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен қалалық мәслихат депутаты, зиялы қауым өкілдері және қала тұрғындары қатысты.

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов шара маңыздылығына тоқталып, елордада Тілдер мерекесі аясында 300-ден аса іс-шара ұйымдастырылатынын атап өтті. «Бүгін – Алаштың аяулы пер-

зенті, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлы дүниеге келген күн. Осыған орай 5 қыркүйек соңғы бірнеше жыл қатарынан Тіл мерекесі ретінде арнайы аталып келеді. «Алаш қайраткерлері» ескерткішіне гүл шоқтарын қою арқылы, біз өзіміздің Алаш ардақтарымыз алдындағы ұрпақ парызын өтей отырып, тарихқа тағы бір терең көз жүгіртеміз. Ал Тілдер күні аясында қаламызда 300-ден аса іс-шара өткізу жоспарланып отыр. Қоғамда қазақ тілін дәріптеп, оны бірінші орынға қою маңызды» деді Ерлан Каналимов.

Сонымен қатар Астана қаласының «Жастар» театрында Астана қаласы әкімдігі Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қолдауымен, «Руханият» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен «Ахмет – ұлт ұстазы» атты мәдени-танымдық кеш өтті.

Кеш шымалдығы «Алтын домбыра» өнер мектебі күйшілерінің орындауындағы «Науай» және «Башмотой» күйімен ашылды.

Әрі қарай Ахмет Байтұрсынұлының өндері орындалып,



күйлері шалынды. Сондай-ақ кешке қатысып, өнер көрсеткен Қазақстан Республикасының «Дарын» мемлекеттік сыйлығының иегері Ибрагим Ескендір сияқты әншілер кеш мерейін асырса, «Жастар» театры ұжымы Ахметтің өмірінен көрініс қойып, жұртты тәнті етті.

Ал кешке келген көрермендер ұлт ұстазының әлі де ашылмай жатқан қырларының көп екенін айтады.

– Болмысынан дарынды Ахмет Байтұрсынұлы талантының, күрескерлік рухының, ұлан-ғай-

ыр еңбегінің ортақ түйіні – туған халқына, оның жарқын келешегіне қызмет жасау. Шын мәнінде ХХ ғасырдың басында «Қазаққа қызмет етпей қоймаймын» деген Әлихан бастаған мемлекетшіл көсемдер алаш баласын бостандыққа жетеледі. Міне, осы жолда аянбай еңбек еткен тұлғаның бірі және бірегейі – Ахмет Байтұрсынұлы. Ол қазақтың әліпбиін жасап берді. Сонымен қатар – өн де күй де шығарған тұлға. Демек ұлт ұстазы деген атқа нағыз лайықты адам болып өмір сүрді.

Оның қазаққа сіңірген еңбегінің ұшан-теңіз екенін болашақ әлі талай талқыға салатын болады. Бір сөзбен айтқанда, Ахметтің туған күні – қазақ тілінің мерейтойы, Алаш жұртының кеудесін мақтаныш кернеп, рухының көтерілетін күні, – дейді тарих ғылымдарының докторы, профессор Марат Әбсемет.

Көрерменге терең ой салған ұлт ұстазына арналған кеш Ибрагим Ескендірдің орындауында «Көк тудың желбірегені» әнімен аяқталды.



Дүниежүзілік көшпенділер ойындары қарсаңында көптеген іс-шаралар өтуде. Әрі жер-жерден бұл ойындарды тамашалауға келетіндердің де саны күн санап көбеюде.



## АНКАРАДАН АВТОБУСПЕН ЖЕТТІ



Солардың ішіндегі ең ерекшесі тамыздың 12 күні Анкарадан шыққан саяхатшы отбасы болмақ. Түркия мемлекетінің азаматы Идил мен Бурак ерлі-зайыптылар 2 жасар балаларын алып, 1982 жылғы автобуспен Қазақстанда өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын тамашалау үшін Анкарадан Астанаға жол тартқан. Бір қызығы, олар бұл мінген

автобусының атын да көшпенді деп атапты. Әрі оның ішінде барлық тіршілікке қажетті дүниелер бар. Яғни жатын орын, монша, ошақ бәрі де ішінде. 5400 шақырым жол басақан олар кеше Астанаға ат басын тіреді. Оларды қалалық мәслихаттың төрағасы Ерлан Каналимов қарсы алып, қонақтармен кездесу өткізді.

## ЖАС КӨРЕРМЕНДЕР ТЕАТРЫНДА – ЖАҢА МАУСЫМ

Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театры өзінің V маусымын Мұхтар Әуезовтің «Абай-Тоғжан» музыкалық драмасымен ашты. Қойылым режиссері – театрдың директоры әрі көркемдік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемиров, инсценировка авторы – Мирас Әбіл.

Жаңа маусымның ашылуына орай театрда қызыл кілем жайылып, әртістер көрермендерге таныстырылды, өнер ошағына тілектестікпен келген елордадағы өнер ұжымдарының басшылары сөз сөйлеп, әріптестеріне сәттілік тіледі. Театр, өнер жанашырлары, студент жастар, қала тұрғындары театрдағы V маусымның ашылу салтанатына қатысып, спектакльді тамашалап, кетерде дәліздегі вокалистер салған өнге қоса тербеліп, әдемі кештің куәсі болды.

«Абай-Тоғжан» музыкалық драмасы – бүгінге дейінгі ұлы ақын жайлы қойылған шығармалардан болмысы белек, бейнесі ерек жаңа туынды. Балалар мен жасөспірімдердің дүниетанымына, талғамына, рухани болмысының қалыптасуына әсер ететін бұл қойылым Абай ғұмырының бозбала кезеңінен көрініс береді. Спектакльде қазақ елінің ұлы ойшылы, ақын Абай Құнанбайұлының бозаң қырда өткен балалық шағы мен кіршіксіз махаббаты, сезімге толы өлең жырлары көрерменді бейжай қалдырмайтыны анық.

Музыкалық кеңесшісі – әлем әншісі, мегажұлдыз, Қазақстанның Халық әртісі Димаш Құдайбергелі, суретшісі – Алма Сырбаева болса, әнмен өрлеген композитор – Бауыржан Ақтаев, балетмейстер – Шырын Мұстафина, хормейстер – Ғалымжан Берекешев.



Жаңа маусымда театр ұжымы көрермендеріне дайындаған тың туындылар жетерлік.

– Жаңа маусым шымалдығы ашылғаннан соң Жүсіпбек Аймауытовтың 135 жылдығына байланысты «Сылаң қыз» комедиясын, Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейнесін», Ермек Аманшаевтың «Шәкәрім» тарихи драмасын, Қанат Жүнісовтің «Әміре» моноспектаклін сахналаймыз. Тағы да басқа қойылымдар жалғасады, – дейді театрдың директоры әрі көркемдік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемиров.

Ж.Аймауытов шығармасы желісі бойынша қойылатын «Сылаң қыз» спектаклінің режиссері – А.Маемиров. Музыкалық комедияда Бәтимааның жар таңдауы, яғни сараң әкесінің қызды өзі секілді есеппен жүргізгісі келгені сахналанады.

Театр жаңа маусымында көрерменге ұсынатын кесек дүние, ерекше шығарма деп Р.Мұқанованың «Қызжылаған» музыкалық драмасы деп айтуға болады. Онда Семей полигонының әсерінен мәңгілік бала қалпында өспей қалған Ләйләнің аяншыты тағдыры баяндалады.

Жаңа маусымдағы ең бір салмағы бар қойылым – «Шәкәрім». Тарихи-драманың авторы – Е.Аманшаев, режиссері – А.Маемиров. Шәкәрімді сахнаға қою үшін де мықты интеллект, көп дайындық керек, жастар театры осы игі қадамға барғаны қуантты. Тарихи драмалық қойылымға Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығы арқау болғаны өнер сахнасындағы тың қадам деп қабылдауға әбден болады.

Жаңа маусымдағы тағы бір қойылым – Қанат Жүнісовтің «Әміре» моноспектаклі. Онда жез таңдай әнші Әміре Қашаубаевтың шығармашылық өмірі сахналанады.

Қазір құндылықтар ауысып, жаһандану кезеңінде қазақ қоғамы бұрыннан ұстанып келе жатқан ұлттық құндылықтардан жирене бастағаны шындық. Өнер ошақтары осы ретте дәстүрлі қазақы құндылықтарды ұстанып, тарихқа бойлап, ұлы тұлғалар туралы шығармаларды сахналап, қазақ әдебиетіндегі көркем шығармаларды жұрт назарына ұсынуы – заңдылық. Ел азаматтарына, өнердегі шәкірттерге, жалпы көрерменге жаңа қырынан ұсынған шынайы дүниелер айрықша әсер ететіні сөзсіз.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қағталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Талпырыс №107

Баспаханасы: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Аманғали ҚАЛЖАНОВ